

Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының депутаттығына кандидаттардың үгіт-насихат баспа материалдарын орналастыру орындарын белгілеу және сайлаушылармен кездесу өткізу үшін орынжайлар беру туралы

Күшін жойған

Астана қаласы әкімдігінің 2014 жылғы 8 қыркүйектегі № 06-1499 қаулысы. Астана қаласының Әділет департаментінде 2014 жылғы 10 қыркүйекте № 841 болып тіркелді. Күші жойылды - Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің 2020 жылғы 30 шілдедегі № 01-1495 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің 30.07.2020 № 01-1495 (алғашқы ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы" 1995 жылғы 28 қыркүйектегі Конституциялық заңының 28-бабына сәйкес Астана қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының депутаттығына кандидаттардың үгіт-насихат баспа материалдарын орналастыру орындары 1-қосымшаға сәйкес белгіленсін.

2. Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының депутаттығына кандидаттарға сайлаушылармен кездесулер өткізу үшін орынжайлар шарттық негізде 2-қосымшаға сәйкес берілсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Астана қаласы әкімінің орынбасары А.Ғ. Балаеваға жүктелсін.

4. Осы қаулы әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және алғашқы ресми жарияланған күннен кейін қолданысқа енгізіледі.

Әкім

И. Тасмағамбетов

Келісілді:

Астана қаласы Қалалық сайлау комиссиясының төрағасы

_____ М. Әубәкіров

2014 жылғы " ____ " _____

2014 жылғы 8 қыркүйектегі
№ 06 - 1499 Астана қаласы әкімдігінің
1-қосымша қаулысына

